

**8D08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Айдарбекова Тойжан Жумагалиевнаның
«Солтүстік Қазақстанның қара топырағында жаздық жұмсақ бидай
линияларының гомеостатикалығы және экологиялық икемділігі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

ПІКІРІ

Жұмыстың өзектілігі. Зерттеу жұмысының өзектілігі Солтүстік Қазақстанның шұғыл континенталды климат жағдайында жаздық жұмсақ бидай өндірісінің тұрақтылығы мен өнімділігін арттыру қажеттілігімен айқындалады. Климаттың өзгеруі, құрғақшылықтың күшеюі және ауа райы факторларының тұрақсыздығы жағдайында жоғары экологиялық икемділік пен гомеостатикалыққа ие сорттарды шығару ерекше маңызға ие.

Зерттеу әртүрлі минералдық қоректену деңгейлерінде жаздық жұмсақ бидай линияларының бейімделу потенциалын ғылыми негіздеуге бағытталған, бұл жұмыстың жоғары ғылыми және өндірістік маңыздылығын көрсетеді.

Негізгі ғылыми және әдістемелік қағидалар. Т.Ж. Айдарбекованың диссертациялық жұмысы – далалық, зертханалық және статистикалық зерттеу әдістерін қамтитын кешенді ғылыми еңбек.

Диссертацияда морфо-физиологиялық көрсеткіштерге, өнім құрылымына, фотосинтетикалық белсенділікке, биомассаның жиналу динамикасына баға беріліп, сондай-ақ экологиялық икемділік (bi), гомеостатикалық (Hom), өзгергіштік және өнімділік арасындағы корреляциялық байланыстар есептелген.

Тәжірибелік зерттеулер Солтүстік Қазақстанның дала аймағындағы кәдімгі қара топырақта минералдық қоректенудің әртүрлі деңгейлерінде жүргізілді. Зерттеу әдістемесі қазіргі агрономия ғылымының талаптарына сәйкес келеді және алынған нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етеді.

Ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі. Зерттеу нәтижелері жүйелі және дәлелді түрде ұсынылған. Өнімділік пен дәннің технологиялық сапасының генотипке және минералдық қоректену деңгейіне тәуелді қалыптасу заңдылықтары анықталған.

Жоғары бейімделу потенциалы және тұрақты өнім қалыптастыру қабілетіне ие жаздық жұмсақ бидай линиялары бөлініп көрсетілген. Экологиялық икемділік пен гомеостатикалық көрсеткіштері математикалық статистика әдістерін қолдана отырып есептелген, бұл жасалған қорытындылардың негізділігін дәлелдейді.

Алынған нәтижелер дәнді дақылдардың бейімделгіш селекциясын дамыту үшін теориялық маңызға және селекциялық тәжірибе үшін практикалық маңызға ие.

Жұмыс «Солтүстік Қазақстанның қара топырағы аймағындағы жаздық жұмсақ бидайдың отандық, шетелдік сорттары мен линияларын экологиялық

сынау» жобасы аясында 2021-2023 жылдар аралығында орындалды, мемлекеттік тіркеу № 0124РКИ0220.

Жарияланымдар. Айдарбекова Тойжан Жумағалиевна зерттеу материалдары бойынша 4 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде:
– ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда – 3 мақала;
– Scopus дерекқорында индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналда – 1 мақала: Aidarbekova T.Zh., Khussainov A.T., Syzdykova G.T., Nurpeissov I.A., Kushanova R.Zh. Photosynthetic activity of spring wheat on chernozem soil under diverse mineral nutrition in Northern Kazakhstan // SABRAO Journal of Breeding and Genetics. – 2024. –Vol. 56, No. 3. –P. 973–987. – DOI: 10.54910/sabrao2024.56.3.7.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертациялық жұмыс логикалық тұрғыдан жүйеленген, кіріспеден, 4 тараудан, 16 тараушадан, қорытындыдан, өндіріске ұсыныстардан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Мәтін 40 кесте және 15 суретпен толықтырылған, олар зерттеу нәтижелерін көрнекі түрде көрсетеді.

Жұмыстың мазмұны мен рәсімделуі диссертациялық зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Докторанттың жеке үлесі. Ізденуші далалық және зертханалық зерттеулерді өз бетінше жүргізіп, статистикалық өңдеуді, нәтижелерді талдауды және қорытындыларды тұжырымдауды орындаған.


Айдарбекова Т.Ж. жоғары кәсіби дайындық деңгейін, ғылыми талдау және нәтижелерді жинақтау қабілетін көрсетті, бұл оның зерттеуші ретінде қалыптасқанын дәлелдейді.

Ізденушінің зерттеушілік қасиеттері. Жұмыс барысында ізденуші ғылыми міндеттерді қоя білу, экспериментті жоспарлау, нәтижелерді талдау және негізделген қорытындылар жасау қабілетін көрсетті. Заманауи статистикалық өңдеу әдістерін меңгеріп, жарияланымдық белсенділік танытты.

Айдарбекова Тойжан Жумағалиевна докторантурада оқу барысында РФ, Тюмень қаласындағы Солтүстік Зауралье мемлекеттік аграрлық университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті.

Қорытынды. Айдарбекова Тойжан Жұмағалиевнаның диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал оның авторы 8D08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші
биология ғылымдарының
докторы, профессор



Хусаинов А.Т.